

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ
ИСЛАМ ҒИЛМДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ
ИСЛАМТАНУ КАФЕДРАСЫ

БЕКІТЕМІН
Ректор
Мухаммед аш-Шаххат әл-Жинди
«14» 04 2022ж.



2021-2022 оқу жылына арналған
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 6B02201-Исламтану

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері)/СБШ (Салалық біліктілік шеңбері)/ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)







Берілетін дәреже: «6B02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 академиялық сағат / 240 ECTS








Оқу мерзімі: 4 жыл/3 жыл

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы

Құрастырушылар:


| Аты-жөні | Қызметі | Қолы |
|-----------------|---|---|
| Анарбаев Н.С. | Кафедра меңгерушісі |  |
| Акимханов А. | Оқытушы |  |
| Шайзан Б. | Оқытушы |  |
| Мажиев Ғ.Ж. | ҚМДБ Аппарат жетекшісі (Жұмыс беруші өкілі) |  |
| Әбдіраш Назерке | Білім алушы |  |
| Қаблез Бағдал | Түлек |  |

Сарапшылар:

| Аты-жөні | Қызметі | Қолы |
|---------------------|--|---|
| Сандыбаев Ж.С. | Академиялық мәселелер департаментінің директоры |  |
| Мансұров Б.Б. | ҚМДБ Уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі |  |
| Раманкулов М. А. | Батыс Қазақстан облысының дін істері басқармасының басшысы |  |
| Әділбаева Ш.А. | Сапа менеджменті бөлімінің меңгерушісі |  |
| Махмет М. | Оқу әдістемелік басқарма басшысы |  |
| Ержан Қ.С. | Декан орынбасары |  |
| Жолмағанбетова М.А. | Оқу әдістемелік кеңес төрайымы |  |

Білім беру бағдарламасы исламтану кафедрасында дайындалып, кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 4 « 8 » 4 2022 ж.

Кафедра меңгерушісі Н.С.Анарбаев 

Ислам ілімдері факультет кеңесінде талқыланып, мақұлданды.

Хаттама № 11 « 04 » 2022 ж.

Факультет деканы Мамун Али Жабр 

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде келісілді.

Хаттама № 5 « 12 » 04 2022 ж.

ОӘК төрайымы М.А. Жолмағанбетова 

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 9 « 14 » 04 2022 ж.

Ескерту: ҚР БЖҒМ 7.12.2021ж. №583 бұйрығына сәйкес ҚР БҒСҚК 09.03.2022ж.-18.03.2022ж. аралығында Бақылау субъектісіне бару арқылы Нұр-Мұбарак ЕИМУ-да өткен профилактикалық бақылау нәтижесінің ескертулеріне орай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B022 Гуманитарлық ғылымдар

Бағдарлама атауы: 6B02201 - Исламтану

Бағдарлама түрі:

Берілетін дәреже: «6B02201-Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 академиялық сағат / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

ИСЛАМТАНУ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат дәрежесін алған білім ізденуші ғылыми және практикалық зерттеулер жүргізу, діни зерттеулер және талдау, мониторинг, кеңес беру, оқыту, қарым-қатынас, мәдени және білім беру секілді қызметтерді атқаруға құзіретті болып мемлекеттік, жекеменшік орталықтарда да кәсіби қызметін жалғастыруға мүмкіндік алады. Заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарына толыққанды жауап бере алатын, жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын, қоғам сұранысына дер кезінде лайықты шешім ұсына алатын, тәуелсіз сарапшы қызметін атқарып, жоғары білім беру мекемелерінде қызмет атқара алатын білікті маман қалыптасады.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат дәрежесін алған білім ізденуші діни зерттеулер және талдау, кеңес беру, оқыту, қарым-қатынас, мәдени және білім беру сынды қызметтерді атқару құзіреттілігіне ие болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты мешіттерде, Облыстық дін істері басқармасында, Қалалық Дін істері жөніндегі басқармасы сынды мемлекеттік мекемелерде, жекеменшік оңалту оқыту орталықтарында кәсіби қызметін жалғастыру мүмкіндігіне ие болады. Заманауи еңбек нарығының талаптарына сай, жұмыс берушілердің сұраныстарына толыққанды жауап бере алатын, жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын, қоғам сұранысына дер кезінде лайықты шешім ұсына алатын, тәуелсіз сарапшы қызметін атқара алады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Қазіргі уақыттағы исламтанудың теориялық және практикалық мәселелерін шешуге білікті, исламтану мамандығы негізінде ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет атқара алатын кәсіби білімі жоғары исламтанушы мамандар дайындау..

Негізгі құзіреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынадай негізгі құзіреттіліктерді меңгеріп шығады:

- (НҚ1) Құран, хадистану, ақида, тәпсір және ислам құқығы ілімдерінің алғашқы кезеңдерден бастап қазіргі күнге дейінгі тарихын, әдістемесін және негіздерін білу;
- (НҚ2) Араб тілі және тәжуид ережелеріне сай Құранды дұрыс оқи білу, сондай-ақ араб тілін ауызша және жазбаша еркін меңгеру;
- (НҚ3) Ислам философиясы, діндер философиясы, сопылық философиясы және діни мазхабтар мен деструктивті ағымдардың шығу себептері мен олардың негізгі ерекшеліктерін білу;
- (НҚ4) Ислам негіздері мен қазақ халқының салт-дәстүрін білу; діни рәсімдерді атқара алу және қажетті жағдайларда діни білімін қолдана білу;
- (НҚ5) Діни мәтіндерге эксперттік сараптама жасай білу және қоғамдағы дінге қатысты жағдайларға қоғамдық-құқықтық нормалар мен түрлі діни толеранттылыққа негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды дәлелдеу;
- (НҚ6) Топта жұмыс істеу, жаңа шешімдер ұсына білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра алу және қақтығыстарды шешу және уақытын тиімді ұйымдастыру, жауапкершілікті өзіне қабылдау, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау, қоршаған ортаны қорғау;
- (НҚ7) Ақпараттың артықшылықтары мен кемшіліктерін сыни көзқараспен бағалай білу, ойлау, өзінің көзқарасын дәлелдей алу және жаңа шешімдер ұсына білу, қоғамдық ортада еркін көзқарасын білдіре алу және түрлі жағдайда адамдармен психологиялық тұрғыда оңды қарым-қатынас жасай білу;
- (НҚ8) Қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және кәсіптік қызметінде қолдану; өзге халықтардың мәдениетіне толерантты болу.

Оқыту нәтижелері (ОН):

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

- (ОН1) Исламтанудың заманауи мәдениет пен өркениеттегі орнын, заманауи интеграциялық үдерістердегі рөлін, қазіргі кезеңдегі исламтанулық мәселелердің ерекшеліктері мен маңыздылығын айқындай алу;
- (ОН2) Әлемдік және қазақстандық исламтанудың негізгі заманауи концепцияларына қатысты кәсіби білімді көрсете білу, негізгі авторлар, мектептер мен бағыттар, арасындағы концептуалды айырмашылықтар, заманауи исламтанулық пікірталастардың негізгі мазмұндары жайлы хабардар болу;
- (ОН3) Араб тілін жазбаша әрі ауыз екі тілді С1 деңгейінде еркін меңгеру;
- (ОН4) Құран мәтіндерін Матуриди сенімі, ханафи мәзһабы бойынша талдап, талқылауға әрі түсіндіруге қабілетті болу;
- (ОН5) Діннің парактикалық тұстарын іс-жүзіне орындауға, дәстүрлердегі діни тәжірибені академиялық исламтану тұрғысынан бағамдай алу білуге және түрлі салада қолдануға қабілетті болу;
- (ОН6) Исламның іс жүзіндегі көріністеріне әрі дәстүрлі діни ұстанымдарға сыни көзқарас айтып, бағалай білу;
- (ОН7) БАҚ, түрлі деңгейдегі мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда ислам жайлы ақпараттарды ұсыну, кеңес беру, қоғамдық орындарда өзін-өзін ұстай білу, түрлі салада адамдармен қарым-қатынас жасау психологиясын меңгеру;
- (ОН8) Ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында бой көрсететін және терең кәсіби білімді талап ететін мәселелерді жүйеге келтіру және шешу;
- (ОН9) Коллективті жұмыс ақтаруға, қоғамдағы актуалды мәселелерді шешуге, нақты ойлап, тұшымды әрі жаңашыл пікір ұсынуға, қоғамдағы шиеленістерді бейбіт жолмен шешуге әрі заманауи техника-технологияларды жоғарғы деңгейде қолдануға қабілетті болу;
- (ОН10) Қоғамдық әрі ұлттық құндылықтарды дәстүрлі норма шеңберінде меңгеріп, оларды өз саласында қолдана білу.
- (ОН11) Ағылшын тілін жазбаша әрі ауыз екі тілді жетік меңгеру арқылы ағылшын тілінде ислам дағуатын жүргізу;

- (ОН12) Шетел тілдерін білу арқылы ғылыми зерттеулер мен жұмыстарды терең зерттеп дипломдық диссертациялық жұмыстарға қолдана білу;
- (ОН13) Шетел тілде жазылған ислами еңбектерді қазақ тіліне сауатты түрде аударуды білу;

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

| Модуль атауы | Модульдың құрамдас бөліктерінің атауы | Қалыптастырылатын құзіреттіліктер | Оқыту әдістері |
|--------------------------|---------------------------------------|---|---|
| Қоғамдық коммуника тивті | Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы | «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні – отандық тарихтағы негізгі оқиғалардың мазмұны туралы ғылыми дәлелденген фактілер негізінде міндетті толық білім бере отырып, тарихи-мәдени дамудың үздіксіздігі мен сабақтастығын дәлелді көрсетті, сондай-ақ, рухани мұрагерліктің терең тамырларын, бұрынғы ұрпақтың қажырлы еңбегін, халықтың жеке тұлғаларын, тарихи тәжірибиесін және ұлттық дәстүрлерді діни құндылықтар мен сал дәстүрлерлерді құрметтейтін жастардың ұстанымын қалыптастырады. | Оқыту барысында білімгерді оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын оқыту әдісі, ол білімгерлердің де оқыту үрдісіне рефлексивті көзқарасына негізделген, біліктілікке бағытталған оқыту; әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және оқу пікірталастары; кейс стади; жобалар әдісі қолданылады. |
| | Философия | Философия пәнінде Пәнді игеру барысында ізденуші өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады. Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады.«Философия» пәні болашақ мамандардың бойында тәуелсіз сыни ойлау түсінігін қалыптастыру мен маңызды дүниетанымдық ұғымдарды түсінуге бағытталған. Пәнді оқу барысында келесі аспектілер қарастырылады: Философияның пайда болуы мен дамуы. Философияның пәні мен әдістері. Философияның тарихи типтері. Әлемді философиялық түсінудің негізі. Болмыс мәселесі. Онтология және метафизика. Сана мен тіл. Таным мен шығармашылық. Ғылыми және ғылыми емес білім. Ғылым мен техника. Адам | Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады. |

| | | | |
|----------------------|--|---|---|
| | | философиясы және құндылықтар әлемі. Өмір мен өлім. Өмірдің мәні. | |
| | Шетел тілі | Ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан танымын кеңейтуге, мамандыққа қатысты немесе білімге байланысты тілдік материалдарды пайдалануға қабілетті болады. Маман ретінде адам өміріне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдерді дұрыс қолдана біледі; сауатты, мәдениетті сөйлей алатындай дәрежеге жетеді; сөйлеу дағдысын одан әрі жетілдіріп, кез келген жағдаятта пікірін, ойын еркін қоғамға жеткізе алады. | Грамматикалық аударма; Тікелей-қатынас әдісі; Коммуникативтік; Жобалау, Интерактивті; Шығармашылық; Проблемалық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі. |
| | Қазақ (Орыс) тілі | «Қазақ тілі» пәнінің курсы лексикалық және грамматикалық тақырыптардан тұрады. Лексикалық тақырыптарда бүгінгі қоғам, қоғамдағы әрбір адамның отбасындағы, қоғамдағы тұлға ретіндегі бейнесі; өнер, ғылым-білім, өзінің кәсібі аясындағы адамның бойындағы ерекшеліктер қарастырылады. Орыс тілі курсы жалпы білім беру циклінің пәні ретінде университеттің қазақ бөлімдерінің студенттеріне арналған. Студенттер сөйлеу дағды-лары мен қабілеттерін жетілдіре отырып, коммуникацияның ғылыми саласымен байланысты жаңа, сапалы кәсіби білім алады. | Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады. |
| | Ақпараттық коммуникациялық технологиялар | Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады; нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады. Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу әдістерін түсіндіре алады. Өз білімін және акт түсінігін қолдану және осы дағдыларды жұмыс орнындағы жағдайларда пайдалану; түрлі компьютерлік желілерді пайдаланады. | Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексивті тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады. |
| Әлеуметтік-саясаттан | Әлеуметтану | Әлеуметтану пәні қоғамның әлеуметтік жағдайын теориялық тұрғыдан түсінуге, сипаттауға және жүйелеуге, тәжірибелік | Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны |

| | | | |
|----------------|--------------|---|---|
| у білім модулі | | <p>тұрғыдан деректер жинауға мүмкіндік береді.</p> <p>Қоғам күрделі әлеуметтік байланыстар мен қарым-қатынастар жүйесінен тұрады. Мұндай байланыстар өзара серіктестікке, ынтымақтастыққа негізделіп, жасампаздыққа немесе қарамақайшылық-тармен дау-жанжалдық ситуация-лардың әсерімен қиындықтарға да алып келуі мүмкін. әлеуметтану пәні қоғамның дұрыс дамуына үлкен үлес қоса алады.</p> | жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, |
| | Саясаттану | <p>Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады. Ғылым пәні қарастырылып отырған ғылыми білімдер жүйесінің тәуелсіздігі мен дербес дамуының түпкілікті шарты болып табылады. Белгілі дәрежеде ғылым пәнінің өзінде алдын ала анықталғандық пен тапсырыстық тұрғыдағы емес, дамудың рационалды-логикалық негізі тұрғысындағы ғылыми білімнің нақты жүйесінің даму мүмкіндігі жасырынған қалыпта болады. Саяси білімдер де осындай жалпы жүйелердің бірі болып табылады.</p> | өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады. |
| | Мәдениеттану | <p>Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді. Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті проблемаларды айқындайды.</p> <p>Мәдениеттану пәнінің екінші тобына мәдени өмір сүру аспектісі арқылы қарастырылатын бүкіл әлем жатады да, негізгі мазмұны болып адамның өзін және табиғатқа қатынасын ізгілендіру саналады. Мәдениеттанудағы «Әлем» адамзат айқындаған әрі жасаған болмыс ретінде қарастырылады және дәл осындай ғана болмыс мәдениет деп аталынады.</p> | |
| | Психология | <p>«Психология» пәні студенттерге дұрыс психологиялық бағдар беріп, психологиялық құбылыстарды анықтап, олардың жүйесін, заңдылықтарын ашып, қарым-қатынастың психологиялық негізін түсіндіріп, пәннің ғылыми негізін тәжірибелік қорытындылар мен ұсыныстармен таныстырады. Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді. Діни</p> | |

| | | | |
|----------------------|---------------------------------|---|---|
| | | тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады. Психология пәні қоғамдағы адамдар арасындағы бірлесік пен түсіністікті арттыруға үлкен ықпал етеді. | |
| | Дене шынықтыру | Бакалаврлардың міндетті пәндері құрамына енген бұл курста білім алушыларға Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контекстіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды. Салауатты өмір салтын, дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формаларын қолдану шеберлігін меңгереді. | Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады. |
| Экология | Экология және өмір қауіпсіздігі | «Экология және өмір қауіпсіздігі» - бұл адамның қоршаған ортамен (өндірістік, тұрмыстық, қалалық, табиғи) қауіпсіз әрекеттесуі және төтенше жағдайлардың теріс факторларынан қорғану мәселелерін біріктіретін элективті пән. Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде адам өміріндегі қауіп-қатерлерден сақтану жолдарын игереді. Табиғи және техногенді апаттардан қорғанудың негізгі тәсілдерін біледі; қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады, сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді. | Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады. |
| Зекет және хадистану | Зекет және қажылық | «Зекет және қажылық» пәнінде зекеттің шарифаттағы үкімі, мал-мүлікке қатысты шарттары, Құранда аттары аталған зекет беретін топқа қатысты үкімдер егжей-тегжей талқылай алады. Сонымен қатар қазіргі таңдағы үй, қонақ үй, құнды қағаздар, алтын, күміс, бағалы тастардың зекет мөлшерін зерттеуді үйренеді. Сондай-ақ қажылықтың рүкіндері, шарттары, сүннеттері, әдептері үйретіліп практикалық тұрғыдан қалай жасалатындығы көрсетіледі. | Ислам фикһындағы негізгі кітаптарға сүйене отырып, «зекет және қажылық» бөлім, мәтіндерді аудару, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады. |
| | Хадистану | Хадис терминдері пәні бойынша хадис ілімінің даму тарихы, хадис түрлерін ара-жігін ажыратып (әлсіз, хасан, сахих), | Ислам ғылымының усуль хадис саласы бойынша негізгі |

| | | | |
|-----------|----------------|--|--|
| | | хадистердің жету жолдары мен рауилер және хадис саласындағы классикалық еңбектерін оқу дағдысын қалыптастырады. Хадис ілім саласындағы классикалық және заманауи еңбектерді оқып түсінуге, күніміздегі туындап жатқан хадиске қатысты мәселелерге шешім таба алатын болады. Хадис терминологиясының шығу тарихы мен даму кезеңдерін меңгеріп классификация жасауға дағдыланады. | кітаптарға сүйене отырып, мәтіндерді аудару, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады. |
| Араб тілі | Араб тілі (A1) | Араб тілін білу, біреудің сөйлеуін түсіну және өз пікірін ауызша және жазбаша түрде көрсету мүмкіндігіне ие болады; сөйлеу белсенділігінде лексикалық, грамматикалық және фонетикалық материалды дұрыс қолдану мүмкіндігі; Пәнді игеріп, пәннің заманауи даму барысын қадағалай біледі. Араб тілінде өз пікірін жеткізу арқылы, болашақта арабша әдебиеттерді аудару. Пәнді меңгеру арқылы болашақта араб елдеріне ғылыми сапар барысында ғылыми еңбектерді оқып жүйелендіру. | Оқыту барысында ауызша және жазбаша тапсырмалар және тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади жобасы қолданылады. |
| | Араб тілі (A2) | Араб тілін еркін түсіну, аудио-бейне жазбаларды еркін түсіне алу, араб тілінің грамматикалық, синтаксисттік байланыстарын құру мүмкіндігіне ие болады. Пәнді игеру және қоғамдық ортада пайдалану. Араб тілінде өз пікірін жеткізу арқылы, болашақта арабша әдебиеттерді аудару. Пәнді меңгеру арқылы болашақта араб елдеріне ғылыми сапар барысында ғылыми еңбектерді оқып, әрі аудару, түсіну мен мағына шығару түсіндіруді жүйелендіру. | Екінші деңгейлі кітаппен сабақ бағдарламасы арқылы, топтық ойындар, араб тіліндегі аудио жазбаларды тыңдау, жазу қабілетін шыңдау, оқу және жаттау. |
| | Араб тілі (B1) | Екінші шетел тілін және тілдік құрылымын пайдалана алады, яғни сауатты және дұрыс сөйлеу қызметіне, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды қолдана біледі. Мамандандырылған шетел тілі елінің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне сәйкес; дискурстың әр алуан түрлерін және сөйлеу стратегияларын қолданады. Араб тілінде өз пікірін жеткізу арқылы, болашақта арабша әдебиеттерді аудару. Пәнді меңгеру арқылы болашақта араб елдеріне ғылыми сапар барысында ғылыми еңбектерді оқып жүйелендіру. | Пәнді жүргізу барысында мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады. |
| | Араб тілі (B2) | Араб тілін тілдік құрылымын пайдалана алады, яғни сауатты және | Пән бойынша түрлі сипаттағы мәтінге |

| | | | |
|------------------------|------------------|---|--|
| | | <p>дұрыс сөйлеу қызметіне, лексикалық, грамматикалық, фонетикалық материалдарды қолдана біледі. Диалогтарды жаттау арқылы сөйлеуге бейімдену. Мамандандырылған шетел тілі елінің әлеуметтік-мәдени, түсініктік пен әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес; дискурстың әр алуан түрлерін және сөйлеу стратегияларын қолдану, практика жүзінде іске асыру мен кітап аудару әдіс тәсілін үйрене алады.</p> | <p>мәтін алдындағы және мәтіннен кейінгі тапсырмаларды құрастыру, оқу мен тыңдап түсінуде тексерудің түрлерін, тесттерді қолдануда және оларды жүргізуде нұсқау құрастыру.</p> |
| Теология және практика | Дінтану | <p>Дінтанудың маңыздылығын, қоғамда алатын орнын, қолданатын әдістерін, тарихы мен салаларын игеріп шығады. Діннің теориялық мазмұнын меңгереді; діннің тарихи түрлерін біледі; дәстүрлі діндерден саяси және экстремистік діндерді айыра білуді меңгереді. Дінтану курстың қысқаша мазмұны өмірдің талабына сәйкес болып табылады. Дін адамзат мәдениетінің бір бөлігі болғандықтан, әрбір жоғары білімді адамдар дінің мазмұнын білулері қажет. Мұндай жағдайлар «Дінтану» пәнін игеруді керек етеді.</p> | <p>Дәріс барысында жалпы ғылыми әдістердің қолданылуымен қатар, білім алушыға ой еркіндігін, сыни ойлау мүмкіндігін беретін ашық талқылау сабақтары жүргізіліп, діндер тарихын салыстырмалы түрде зерттеуге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдас-тырылады.</p> |
| | Ислам теологиясы | <p>Ислам теологиясы пәнінде ақида ілімінің генезисі мен даму кезеңдері, исламдағы сенімдік мазһабтардың шығу тарихы, иләһият, пайғамбарлық институты және ислам эсхатологиясы тақырыптары және аталған тақырыптарға қатысты тақырыпшаларды игереді. Ислам теологиясының және сунниттік сенім мектептерінің негізін қалаған ғалымдардың ғылымдағы орны, ғылыми әдістері және теологиялық мәселелер бойынша алға тартқан тұжырымдары, тезистерін саралауды қалыптастырады.</p> | <p>Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.</p> |
| | Оқу практикасы | <p>Оқу тәжірибесінен өткен білімгер оқу үдерісінде меңгерілуі тиіс материалдар қорының іс жүзіндегі қолданысын көріп, игеріп шығады. Бекітілген практика базаларында оқу жұмыстарымен айналысып, тәжірибе жинақтайды.. Педагогикалық пәндерді меңгеру барысында студенттер жалпыпедагогикалық білімдер жүйесін меңгереді және педагогикалық бағыттағы ойлау жүйесін қалыптастырады. Бастауыш сынып оқытушыларының өз кәсіби міндетін қалай атқаратынын бақылай</p> | <p>Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдас-тырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыт-тайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданы-лады.</p> |

| | | | |
|-------------------|---------------------------------------|---|--|
| | | отырып студент бірінші курстың өзінде мұғалімнің шеберлігіне, тәрбие және білім беруде қолданатын әдістері мен тәсілдерімен, сондай-ақ оқушылар ұжымымен жұмыс істеу әдістерін, жеке баламен жұмыс істеу ерекшеліктерімен танысады. | |
| Фикһ және насихат | Фикһ негіздері | Ислам құқығы мен шариғи үкімдер жайында жалпы меңгеріп шығады. Құқықтық мектептер қарастырған тақырыптар бойынша заманауи мәселелер мен шариғи үкімдер төңірегінде өзіндік ой қалыптастырады. Қазіргі заманғы діни мәселелерді Ислам құқығындағы шариғи үкімдер тақырыптарымен салыстыра біледі. Құранда үкімдердің толықтай қанағаттандыратын иләһи заң екендігін байқаймыз. Өртүрлі құлшылықтарды сөз ете отырып Ислам шариғатындағы ерекше тұстары ашып түсіндіріледі. | Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады. |
| | Діни насихат және оның әдіс-тәсілдері | Діни насихат ілімінде қолданылатын истафада, уақилә, сакифа, иршад, таблиғ, насихат сынды терминдер мен осы терминдердің дінді насихаттаудағы ерекшеліктері және Пайғамбар кезеңіндегі діни насихат түрлері мен одан кейінгі кезеңдердегі даму ерекшеліктері Құран және сүннет негізінде зерттеліп, жан-жақты талдауды меңгереді. Сондай-ақ дағуаттың заманауи әдіс-тәсілдерін игереді. Осы заманда жазылған еңбектерге тоқталады. Психологиялық әдіс тәсілдерді де меңгереді. | Діни насихатты зерделеу жасауды жетілдіруге бағытталған интербелсенді сабақтар ұйымдастырылады. |
| Тәжірибе | Дипломалды практика | Диплом жұмысының тақырыбымен байланысты мәліметтер қорын жинақтауға машықтанады. Ғылыми әдебиеттерді сұрыптауға, талдауға, қажетті мәліметтерді сүзгіден өткізіп, қолдана алуға бейімделеді. Диплом алды тәжірибенің негізгі мақсаты-теория жүзінде алынған білім және дағдыларды жүзеге асыру, оқу үдерісі уақытында алынған және де таңдалынған ғылыми мәселе бойынша зерттеулерді практика жүзінде тексеруден өткізу, дипломдық жұмыстың қорытындысын шығару. Сондай-ақ ғылымға деген ынталарын арттырады. | Білім алушыларды диплом жұмысын жазу үдерісін барынша тиімді ұйымдас-тырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Ғылыми ізденіс жүргізу, көлемді мәліметтер қорын игеруге бағытталған арнайы әдістер мен |

| | | | |
|-----------------|---|--|--|
| | | | техникалар қолданылады. |
| | Өндірістік тәжірибе | Практика базаларында өндірістік тәжірибеден өткен білім алушылар оқу үдерісі барысында игерген теориялық білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік алады. Өндірістік қарым-қатынас мәдениетін меңгереді. Өндірістік тәжірибенің негізгі мақсаты студенттердің алған теориялық білімдерін тәжірибеде сынауға, әрі нығайтуға, сонымен қатар оқу орындарының өндіріспен байланысын жақсартуға ықпал етеді. Кәсіби тәжірибенің артықшылығы, студент кәсіпорынға барған күннен бастап өзін маман ретінде ұсынады, ұжымда жұмыс істеуге дағдыланады, өздігінен шешім қабылдау, әрекет ету қасиеті дамиды, болашақ кәсіптік жарамдылығын өндірісте сынайды. Тәжірибе барысында өзін жан-жақты көрсету арқылы жұмысқа орналасуға мүмкіндік туады. | Білім алушыларды өндіріс үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. |
| Дәстүр және дін | Қазақ ойшылдары дін туралы / Қазақстандағы ислам тарихы | Қазақ ойшылдары дін туралы пәні бойынша Қазақ даласынан шыққан ойшылардың еңбектері мен өлең-жырларындағы діни толғаулар мен насихаттарды салыстырмалы тұрғыдан талдай отырып, оларды ислам дінінің негіздерімен сабақтастыра алады. Қазақ ойшылдарының дін туралы тұжырымдарын ғылыми тұрғыдан негіздей алады. Сонымен қатар Қазақ ойшылдарының дін туралы толғаулары мен ойларын қазіргі заманғы дінді насихаттауда қолдана біледі. Қазақстандағы ислам тарихы пәні бойынша студенттер ислам дінінің қазақ даласына келуімен таныса отырып, дін мен ділді ұштастырып, мәдениетімізбен терең танысады. Дінді дәстүрімізбен ұштастырып, қазақстандағы ислам дінінің таралу тарихын зерттейді. Ислам тарихының аймақтық ерекшеліктерін білу өзекті саналғандықтан, Қазақстандағы исламның ерекшеліктері мен құндылықтарын, оның қазақ халқының діни-рухани әлеміне жасаған ықпалын түсіне алады. | Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі. |
| | Қазақ салт-дәстүрлері/ Дін және дәстүр | Студенттер дәстүрлі қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін, дәстүрлі дүниетанымның моделін тұтас жүйе санатында талдай алады. Қазақ дәстүрлерінің шығу тарихын және олардың бүгінде қалай көрініс табатынын біледі. Сонымен қатар қазақ | Пәнді оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де |

| | | | |
|--------------------------|--|---|--|
| | | салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ислам дінінің құндылықтарымен сабақтастыра алады. Қазақ салт-дәстүрлерінің қолданысы және оларға ұлттық, діни, рухани құндылықтар негізінде талдау жасап, өлшем қоя алады. Дін және дәстүр пәні бойынша студенттер дін мен дәстүрдің өзара сабақтастығын, сол секілді дәстүр мен әдет-ғұрыптың шариғаттағы орны мен маңыздылығын түсініп, талдай алады. Ислам дінінің нормаларын қазақы салт-дәстүрмен байланысты қарастыра алатын қабілетке ие мамандарды қалыптастыра алады. Сонымен қатар діни үкімдердің өзгеруіне ықпал ете алатын әдет-ғұрыптардың шарттары мен өлшемдерін түсіне алады. | білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі. |
| | Матрудия ақидасы /Ақида мәтіндері | Матуриди ақидасы пәні бойынша ислам сенім жүйесіндегі негізгі мектептердің бірі саналатын матуриди сенім мектебінің шығу тарихы, даму кезеңдерімен, ілімі және ерекшеліктерімен танысып, оларға тарихи тұрғыдан талдау жасап, түйіндей алады. Сонымен қатар матуриди сенім мектебінің негізгі қайнаркөзі саналатын Әбу Ханифа ілімінің мәні мен маңыздылығын түсініп, оны матуриди сенім мектебімен сабақтастыра алады. Ақида мәтіндері пәні бойынша ислам сенім жүйесіндегі негізгі екі мектептің бірі саналатын матуриди сенім мектебінің аясында жазылған «таухид», «фикһ акбар», «насафи», «китабул таухид», «шархул фикхул акбар» «Тахауи ақидасы» сынды мәтін жанрында жазылған сенімдік еңбектерді, әдебиеттерді оқып, мәтіндерін талдау жасау арқылы матуриди сенім мектебінің ілімін, негіздерін, ерекшеліктері мен ұстанымдарын меңгере алады. | Білімгердің өзіне деген сенімділігін күшейтіп, өз пікірін айту құқығы бар екендігін сезіндіре отырып, сыни ойлауға тәрбиелейтін интерактивті әдістер қолданылады. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады. |
| Отбасы және ахлақ | Исламда отбасы/ Неке және ажырасу шарттары | «Исламда отбасы» пәні бойынша студенттер исламдағы отбасы институтының хитба, сөз салу, құда түсу, некенің рүкіндері мен шарттары, ерлі-зайыптылардың міндеттері мен құқықтары, ғидда сынды бөлімдері мен тақырыптарын теориялық және практикалық тұрғыдан меңгеріп, аталған пән бойынша пайда болған заманауи мәселелерді ислам құқығының негіздері мен өлшемдерінің негізінде талдай алады, сонымен қатар ондағы үкімдер мен қағидаттары меңгереді. «Неке және ажырасу шарттары» пәні бойынша студенттер үйленбестен алдын | Кейс стади, тренинг элементтері қолданылады. |

| | | | |
|---|--|--|---|
| | | орындалатын хитба, атастыру, сөз салу, құда түсу мәселелерін игереді. Сонымен қатар некедегі ажырасу құқығы және оның түрлері, шарттары мен себептерін меңгереді. Ислам шарифатының ішінара тармақты мәселелері уақыт пен мекеннің өзгеруіне қарай өзгертіндіктен, бүгінгі күндегі ажырасу және талақ тақырыбына қатысты жаңа мәселелерді талдай алады. | |
| | Ихсан ілімі/ Құрандағы ахлақ ілімі | «Ихсан ілімі» пәні бойынша студенттер ихсан ілімінің негізгі қайнаркөзі мен пайда болуы тарихын, даму кезеңдері мен эволюциясын, оның зерттейтін тақырыптары мен мәселелерін үйренеді. Сонымен қатар ихсан ілімінің ислам дініндегі орны мен маңыздылығын, оның исламның басқа ғылым салаларымен байланысын зерттей алады. Бұл ретте ихсан ілімінің құндылықтарын теориялық тұрғыдан меңгеріп, оларды практикалық тұрғыдан жүзеге асыра алады. «Құрандағы ахлақ ілімі» пәні бойынша студенттер тасаууфта тәрбиелік негіздерді игеріп, тариқаттар мен тұлғаның адами қасиеттерін терең ұғатын болады. Исламдағы мораль ілімінің негізгі тақырыптарына қатысты ғылыми көзқарастарды меңгереді. Исламдағы мораль ілімінің негізгі тақырыптарына қатысты мектептерді меңгереді. Сонымен қатар Құран исламдағы ахлақ ілімінің ең негізгі қайнаркөзі болғандықтан, Құрандағы ахлақ ілімінің орын мен маңыздылығын үйренеді. | Сабақта белсенді қарым-қатынас орнатып, бірлесе орындалатын рухани зерттеу жұмыстарының жүзеге асырылуымен өткізіледі. Жұмыс нәтижесін рухани тәрбиелік шыңына жету жолдары қарастырылады. |
| Сауда келісімі және эсхатолог ия | Исламда сауда келісімі/ Исламдағы сауда түрлері | Исламда сауданың түрлері мен үкімдері және сауда затына қойылатын шарттар мен саудаласқандағы келісім сөздерінің негізгі қағидаларын игереді. Қазіргі заманға сай бөліп төлеу, банк жүйелеріне қатысты туындаған мәселелерге, сұрақтарға қазіргі заманда сауда саттық қатысты жазылған еңбектерге тоқталады. Сонымен қатар исламдағы сауда түрлері және олардың шарттары мен қағидалары және олардың басқа сауда заңдарынан айырмашылықтарын үйренеді. «Исламдағы сауда түрлері» пәні сауданың дұрыс болуындағы сатушыға қойылатын ақыл есі дұрыс, балиғатқа толған тағы басқа шарттары және саудадағы таңдау құқығы мен шарифатта тыйым салынған саудалар жайында мәліметті меңгереді. Қазіргі заманға сай бөліп төлеу, банк жүйелеріне | Ислам фикһындағы негізгі кітаптарға сүйене отырып, мәтіндерді аудару, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады. |

| | | | |
|---------------------|---|--|---|
| | | қатысты туындаған мәселелерге тоқталады. Сонымен қатар исламдағы сауда түрлері және олардың шарттары мен қағидалары және олардың басқа сауда заңдарынан айырмашылықтарын үйренеді. | |
| | Ислам эсхатологиясы/ Ақида негіздері | «Ислам эсхатологиясы» пәнінде исламдағы сенімдік мазһабтардың шығу тарихы, иләһият, пайғамбарлық институты және ислам эсхатологиясы тақырыптары және аталған тақырыптарға қатысты тақырыпшаларды игереді, меңгереді. ислам сенім жүйесіндегі негізгі мектептердің бірі саналатын матуриди сенім мектебінің шығу тарихымен сонымен қатар матуриди сенім мектебінің негізгі қайнаркөзі саналатын Әбу Ханифа ілімінің мәні мен маңыздылығын түсініп, оны матуриди сенім мектебімен сабақтастыра алады. «Ақида негіздері» пәнінде Ислам теологиясының және сунниттік сенім мектептерінің негізін қалаған ғалымдардың ғылымдағы орнын топшалап, ғылыми әдістері және теологиялық мәселелер бойынша алға тартқан тұжырымдары мен тезистерін үйренеді. ислам сенім жүйесіндегі негізгі мектептердің бірі саналатын матуриди сенім мектебінің шығу тарихы, даму кезеңдерімен танысады. Сонымен қатар Әбу Ханифа ілімінің мәні мен маңыздылығын түсініп, оны матуриди сенім мектебімен сабақтастыра алады. | Білімгердің өзіне деген сенімділігін күшейтіп, өз пікірін айту құқығы бар екендігін сезіндіре отырып, сыни ойлауға тәрбиелейтін интерактивті әдістер қолданылады. Сыни тұрғыда ойлау технологиясы қолданылады. |
| | <i>Ислам тарихы/ Мазһабтар тарихы</i> | Пәнді сәтті аяқтап, игерген білімгер исламдағы құқықтық, кәләмдық және саяси мазһабтардың ілімдік ерекшеліктерін ажырата алады (ҚҚ62); ислам тарихында династиялық басқару кезеңдері, олардың мемлекеттік құрылымдары мен мәдени деңгейлеріне пікірталас жүргізе алатындай білімді меңгереді (ҚҚ63); ислам өркениетінің адамзат өркениетіне қосқан үлесіне ғылыми негізде баға бере алады (ҚҚ64). | Пәнді жүргізу кезінде білімгердің кәсіби дағдысын қалыптастыру мақсатында проблемалық сұрақтар, «дөңгелек үстел», эвристикалық әңгіме, миға шабуыл, кейс-стади, өзіндік жұмыс, дискуссия сынды белсенді әдістер қолданылып, оқудан тыс жұмыстар да жүргізіледі. |
| Ғибадат және тажуид | Тазалық және намаз құлшылығы / Шарифат үкімдері | «Тазалық және намаз құлшылығы» пәні бойынша студенттер исламдағы тазалықтың орны мен маңыздылығын, оның түрлері мен шарттары мен ғұсыл және дәреттің ара-жігін ажыратуды меңгеріп, | Ислам фиқһындағы негізгі кітаптарға сүйене отырып, мәтіндерді аудару, салыстырмалы- |

| | | |
|---|---|--|
| | <p>тәяммум сынды түлерін және намаз оқу мен жамағат намазына қатысты жалпы ережелерін игеріп шығады. Сонымен қатар тазалыққа жарамды сулардың түрлері мен санаттарын, олармен тазалық жасаудың түрлері мен көріністерін үйреніп, меңгеріп шығады.</p> <p>«Шариғат үкімдері» пәні бойынша студенттер исламдағы құлшылық міндеттерін Құран мен сүннеттегі үкімдермен сабақтастыра отырып мәзһабтардағы ұстаным ерекшелерін меңгереді. Сонымен қатар ислам шариғатының қайнаркөздері саналатын Құран, сүннет, ижмағ, қияс, истихсан, әдет-ғұрып, сахаба сөзі сынды қайнаркөздермен танысып, олардың маңыздылығы мен орнын түсініп, шариғат үкімдерін шығаруда аталған қайнаркөздерді қолданудың реттілігін ұғынып, меңгере алады.</p> | <p>тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.</p> |
| <p>Тәжуид / Араб әріптерінің фонетикасы</p> | <p>«Тәжуид» пәні бойынша студенттер араб әріптердің дыбысталу жолдары, ерекшеліктері мен шығу орындары мен сипаттарын және Изхар, Идғам, Ихфа, Иқлаб сынды сукунды нун ережелерін, Шамсия мен Қамария сынды әріптердің жіктелуін, сонымен қатар араб әріптерінің қосып оқу ережелерін үйреніп, оларды практикалық тұрғыдан Құранның «Нәбә» сүресінен «Нәс» сүресіне дейін жаттау арқылы тәжуидпен оқуды игереді.</p> <p>«Араб әріптерінің фонетикасы» пәні бойынша студенттер араб әріптерінің дыбысталуы мен Құрандағы оқылуын салыстыра отырып анализ жасау арқылы тәжуид қағидасын меңгереді. Сонымен қатар еріндік, езулік, тамақтан шығатын, ауыз қуысынан, өңештен шығатын деген сынды түрлерге жіктелетін араб әріптерінің фонетикалық қағидалары мен ережелерін үйреніп, оларды Құран сүрелерін жаттағанда, арабша сөйлегенде практикалық тұрғыдан қолданады.</p> | <p>Құран Кәрім жаттау методологияларының жаңа әдістерін қолдану арқылы аудио, видео дәрістерді қолданады.</p> |
| <p>Намаз және ораза құлшылығы/ Құлшылық фикһы</p> | <p>«Намаз және ораза құлшылығы» пәні бойынша студенттер әрбір мұсылманның міндеті саналған намаз бен ораза құлшылығының мәні мен маңыздылығын түсініп, олардың түрлері мен үкімдерін, шарттарын, оларды бұзатын жағдайларын, орындалу ерекшеліктерін меңгереді. Сонымен қатар намаз оқу мен ораза ұстау барысында орын алған әр алуан жағдаяттарды ислам шариғаты үкімдеріне</p> | <p>Ислам фикһындағы негізгі кітаптарға сүйене отырып, мәтіндерді аудару, салыстырмалы-тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдіс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту</p> |

| | | | |
|-----------------------------------|---|--|--|
| | | <p>сай практикалық қырынан шешімін таба алады.</p> <p>«Құлшылық фикһы» пәні бойынша студенттер таһарат, намаз, ораза, зекет, қажылық ғибадаттарының рүкіндері мен шарттарын, парыздары мен жалпы ережелерін, сипаттарын, сүннеттері мен оларды бұзатын жағдайларды оқып, олармен танысып, үйренеді. Сонымен қатар аталған пәнді оқу арқылы таһарат, намаз, ораза, зекет, қажылық ғибадаттарын орындау барысында орын алған жағдаяттар мен мәселердің практикалық тұрғыдан шешімін таба алады.</p> | <p>әдіс-тәсілдері қолданылады.</p> |
